

Жалпы ішкі өнімді есептеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1995 жылғы 24 қазан N 410-ө
Әлеуметтік-экономикалық дамудың кейбір макроэкономикалық индикаторларын
есептеуді ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Статистика және
талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1. 1995 жылғы 1 қарашадан бастап жалпы ішкі өнім жөніндегі есептеуді тоқсан
сайын жүргізсін және оны есепті кезеңнен кейінгі бір айдың кешіктірмей
баяндамаларда жарияласын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Экономикалық реформалар
орталығымен келісе отырып, жалпы ішкі өнімді жинақталған есептеуді ай сайын
Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ғана ұсынып отырсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің
жанындағы Экономикалық реформалар орталығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппаратының Экономикалық саясат бөлімі жүзеге асырсын.

Премьер-министр